

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Салымшылар «БЖЗК» АҚ-нан ақпаратты қалай ала алады?

Өзінің зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу – БЖЗК салымшылары мен алушыларының заңнамамен бекітілген құқығы. Өз зейнетақы жинағының жай-күйі туралы ақпарат алғысы келген әр адам:

- **БЖЗК-ның қызмет көрсету кеңселеріне өзі келіп өтініш жасауы керек;**
- **Электрондық тәсілмен, атап айтқанда:**
 - БЖЗК-ға берілген электрондық пошта мекенжайы арқылы зейнетақы шотынан үзінді көшірмені салымшы (алушы) өзі таңдап алған кесте бойынша: ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл сайын алады.
 - электрондық цифрлық қолтаңба немесе логин мен парольді пайдалана отырып, Жеке кабинет арқылы;
 - электрондық үкімет порталындағы Жеке кабинет немесе салымшының (алушының) mGov мобильді азаматтар базасына тіркелген ұялы телефон нөміріне жіберілетін біржолғы sms-парольді қолдану арқылы;
- **дәстүрлі пошта қызметі** тәсілдерінің бірін пайдаланып, оған оп-оңай қол жеткізе алады.

Ақпарат алу тәсілін таңдау үшін салымшы БЖЗК кеңсесіне жеке басын куәландыратын құжатпен келуі тиіс. Электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болған жағдайда, enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетте ақпарат алу тәсілін өз бетімен таңдап не өзгерте алады.

Әу баста салымшылардың көпшілігі зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған кезде дәстүрлі пошта қызметі арқылы ақпарат беру тәсілін таңдайтын еді. Алайда ақпарат берудің бұл тәсілі салымшылар үшін қолайсыз болды. Себебі, ақпарат берудің мұндай тәсілі жылына бір-ақ рет жүзеге асырылатын. Оның үстіне, мекенжайыңыз ауысқан жағдайда БЖЗК-ны міндетті түрде хабарландыру керек болды. Егер оны жасамасаңыз, БЖЗК одан әрі зейнетақы жинағыңыздың жай-күйі туралы ақпарат бермеуге құқылы болатын.

2020 жылдың 3 тамызындағы жағдай бойынша шамамен **1,3 млн** адам жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпаратты дәстүрлі пошта байланысы, ал **858 мыңнан** аса адам электрондық пошта арқылы алды.

Салымшылар кеңсеге өзі келіп өтініш беретін тәсіл де аса танымал, **3 млн** аса ЖЗШ иегері қажетті ақпаратты тікелей БЖЗК кеңсесіне келіп алған екен.

Десек те, ең танымал әдіс – интернет-хабарландыру тәсілі. Шамамен **5,7 млн** салымшы ақпарат алудың осы бір ең қолайлы да жедел түрін таңдаған. Жалпы алғанда, қашықтан көрсетілетін сандық сервистерді енгізу нәтижесінде БЖЗК-ның 90% астам қызметі онлайн түрде көрсетіледі.

Зейнетақы жинақтары туралы мәлімет алудың мұндай тәсілінің артықшылығы: салымшы ақпаратқа «24/7» режимінде (тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн), тұрғылықты тұратын жеріне қарамастан кез келген жерде қол жеткізе алады.

Барлық қызметтерді смартфон немесе планшет арқылы алып дағдыланған және ақпарат алудың осы тәсілін ең қолайлы деп есептейтін БЖЗК салымшылары үшін қарапайым әрі қомақты қызмет түрлерін көрсете алатын ENPF ұялы қосымшасы іске қосылған. Ол Google Play немесе AppStore-да қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

Ұялы қосымшаға тіркелу үшін сіздің ұялы телефоныңызға смс-хабарламамен жіберілетін біржолғы парольді пайдалануға болады. Ұялы қосымшада авторланудың екі тәсілі қолжетімді: ЖСН енгізу немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану. Сондай-ақ, ұялы қосымшаңызда бар болған жағдайда, кейін Android және IOS үшін Touch ID, IOS үшін Face ID арқылы кіруге болады.

+7 777 000 1418 нөмірі бойынша What's App сервисінің көмегімен Қор маманына хат жолдап, өзіңізді қызықтырған ақпаратты ала аласыз. Жоғары сұранысқа ие қызметтердің қатарына Telegram-bot-ты да қосуға болады, оның көмегімен шағын үзінді көшірме алу немесе оны электрондық пошта мекенжайына жіберу қарастырылған. Айтпақшы, осы сервисінің көмегімен Сіз өз Жеке кабинетіңіздің паролін қалпына келтіріп, өзекті жаңалықтармен және Қордың ағымдағы көрсеткіштерімен таныс аласыз. Жақын жерде орналасқан БЖЗҚ бөлімшелерін де осы сервис арқылы білуге борлады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымышыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz